

"Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау үшін үміткерлерді іріктеу қағидаларын бекіту және "Болашақ" халықаралық стипендиясын жұмсау бағыттарын айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 11 маусымдағы № 573 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 2 сәуірдегі № 175 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Болашақ» халықаралық стипендиясын тағайындау үшін үміткерлерді іріктеу қағидаларын бекіту және «Болашақ» халықаралық стипендиясын жұмсау бағыттарын айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 11 маусымдағы № 573 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2008 ж., № 30, 297-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген «Болашақ» халықаралық стипендиясын тағайындау үшін үміткерлерді іріктеу қағидаларында:

3-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) Конкурс жеңімпаздарының оқуы, тілдік курстардан өтуі үшін ұсынылатын шетелдік жетекші жоғары оқу орындарының, шетелдік ұйымдардың тізіміне кіретін шетелдік жетекші жоғары оқу орындарының және олардың жанындағы медициналық мекемелердің базасында басым мамандықтар тізбесіне сәйкес Қазақстан Республикасы азаматтарының қатарынан ғылыми, педагогикалық, инженерлік-техникалық және медицина қызметкерлерінің шетелдік ұйымдарда, сондай-ақ танылған әлемдік, өңірлік ғылыми-зерттеу орталықтарында, компанияларда және салалық ұйымдарда он екі айға дейінгі мерзіммен (тілдік курстардан өту мерзімдерін қоспағанда) тағылымдамадан өтуі мақсатында тағайындайды.»;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. «Болашақ» стипендиясы тағылымдамадан өту, әрбір дәрежені (магистр, философия докторы (PhD), бейін бойынша доктор) алу, резидентурада оқу үшін бір рет тағайындалады.»;

9-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) өз бетімен түскендер санаты бойынша қатысатын үміткерлер үшін – тиісті шетелдік жоғары оқу орнында оқуының бүкіл оқу кезеңіндегі үлгерімінің орташа балының Тізімге енгізілген шетелдік жетекші жоғары оқу орындарында академиялық бағдарламаларда оқитын үміткерлер үшін бағалар баламалығы кестесіне сәйкес кемінде «жақсы» деген бағаға сәйкес болуы, сондай-ақ:

магистр дәрежесін алуға және резидентурада оқуға – бакалавр немесе маман дипломының орташа балының кемінде 4,50 балға (5,0-ден) немесе Жұмыс органы

бекітетін «Болашақ» халықаралық стипендиясын тағайындау үшін бағалар баламалығы кестесіне (бұдан әрі – бағалар баламалығы кестесі) сәйкес оның баламасына сәйкес болуы ;

философия докторы (PhD) және бейін бойынша доктор дәрежесін алуға – бакалавр немесе маман дипломының орташа балының кемінде 4,00 балға (5,0-ден) немесе бағалар баламалығы кестесіне сәйкес оның баламасына сәйкес болуы;»;

10 - т а р м а қ т а :

13) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«13) академиялық оқуға өз бетімен түскендер немесе философия докторы (PhD), бейін бойынша доктор дәрежесін алуға Тізімге енгізілген шетелдік жетекші жоғары оқу орындарында білім алушылар санаты бойынша қатысатын адамдар аталған дәрежені алу үшін шетелдік жетекші жоғары оқу орны белгілеген мерзімдерден аспайтын шетелдік жетекші жоғары оқу орнымен келісілген мемлекеттік немесе орыс тілдеріне нотариатта куәландырылған аудармалары бар жеке оқу жоспарын;»;

15) тармақшадағы «көшірмесін ұсынады.» деген сөздер «көшірмесін;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 16) тармақшамен толықтырылсын:

«16) мәдениет қызметкерлері, шығармашылық қызметкерлер санаты бойынша қатысатын адамдар оқу бағдарламасы, мамандығы мен оқу кезеңі көрсетілген академиялық оқуға (қаржылық шарттарды және шет тілінен білімін талап етілетін деңгейге дейін арттыру бойынша шарттарды қоспағанда) шартсыз тіркелгенін растайтын құжаттардың көшірмелерін және болған жағдайда, мемлекеттік немесе орыс тілдеріне нотариатта куәландырылған аудармалары бар шетелдік жоғары оқу орны берген үлгерім туралы ресми құжатты/мамандығын, курсы (оқу жылын), оқу нысанын , осы оқу орнында пайдаланылатын бағалау жүйесі туралы ақпаратты, сондай-ақ осы оқу орнындағы ағымдағы үлгерімінің орташа балын көрсететін белгіленген үлгідегі анықтаманы қосымша ұсынады.»;

11-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Құжаттар осы Қағидалардың талаптары мен шарттарына сәйкес келмеген және «электрондық үкімет» веб-порталы не халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы өтініш берілген кезде құжаттар пакеті толық ұсынылмаған жағдайда, Әкімші «электрондық үкімет» веб-порталы не халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы өтініш берілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде құжаттарды қабылдаудан және тіркеуден бас тартатындығы туралы дәлелді жауап береді.»;

16-тармақтың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Әкімші бірінші, екінші және үшінші турдың өтетін орны мен уақытын айқындап, бұл туралы телефон байланысы бойынша тікелей сөйлесу арқылы күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірмей үміткерді хабардар етеді.»;

20-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«20. Төртінші тур үміткерлердің Жұмыс органы құратын Тәуелсіз сараптамалық

комиссияның мүшелерімен жеке әңгімелесуден өтуін ұйымдастыру арқылы өткізіледі. Әкімші үміткерлерді телефон байланысы бойынша тікелей сөйлесу арқылы әңгімелесудің өтетін күні мен орны туралы ол өткізілгенге дейін күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірмей хабардар етеді.»;

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«22. Тәуелсіз сараптамалық комиссия Жұмыс органы белгілеген нысан бойынша әрбір үміткерге ұсыным береді.»;

25-тармақтың 1), 2) және 3) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«1) осы Қағидалардың 4-тармағының 2), 3), 4), 6), 7) тармақшаларында көрсетілген санаттар бойынша Жұмыс органы бекітетін тілдік курстардың ұзақтығы кестесіне (бұдан әрі – кесте) сәйкес, бірақ 12 айдан аспайтын, ағылшын тілін үйрену үшін Қазақстан Республикасында 6 айдан аспайтын және шетелде 6 айдан аспайтын мерзім;

2) осы Қағидалардың 4-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген санат және философия докторы (PhD), бейін бойынша доктор дәрежесін алу, резидентурада оқу үшін түскендер бойынша Жұмыс органы бекітетін кестеге сәйкес, бірақ 12 айдан аспайтын, ағылшын тілін үйрену үшін Қазақстан Республикасында 6 айдан аспайтын және шетелде 6 айдан аспайтын мерзім;

3) осы Қағидалардың 4-тармағының 5) тармақшасында көрсетілген санат бойынша 6 айдан аспайтын, ағылшын тілін үйрену үшін Қазақстан Республикасында 6 айдан аспайтын мерзім.».

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*